



АТҚАРУ КОМИТЕТИ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

17.02.2023 ж.

№ 22, 5-т.

**Кәсіподақ ұйымдарының 2022 жылғы
ұжымдық-шарттық жұмысының қорытындысы туралы**

Кәсіподақ ұйымдарының 2022 жылғы ұжымдық-шарттық жұмысының қорытындысы туралы Кәсіподақтың Орталық комитетінің құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Кәсіподақтың Атқару комитеті **атап өтеді:**

Жалпы, 2022 жылғы ұжымдық-шарттық жұмыстары белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіліп, Кәсіподақтағы әлеуметтік әріптестіктің тұрақтылығын көрсетті. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының қызметі мемлекеттік органдармен және жұмыс берушілермен әлеуметтік диалогты одан әрі дамытуға бағытталды.

2023 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша Салалық кәсіподақтың кәсіподақ ұйымдары жасасқан ұжымдық шарттардың саны **8 640**. 2022 жылы **1602** ұжымдық шарт жасалған, **1509** ұжымдық шарттың мерзімі ұзартылған. Ұжымдық шарт жасалмаған бастауыш кәсіподақ ұйымдарының саны – **40**. Қазіргі уақытта ұжымдық шарттар жасау бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Мүшелік ұйымдардың ұжымдық-келісім жұмыстары туралы есебі шеңберінде ұсынылған ақпараттан, студенттік кәсіподақ ұйымдарында, шағын бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ұжымдық шарттар жасалмағаны байқалады.

Ұжымдық шарттар – **619 738** кәсіподақ мүшесіне қолданылады, олардың **567 817**-сі жұмыс жасайтындар, **31 362**-сі уақытша жұмыс жасамайтында (*ұзақ мерзімді әлеуметтік демалыста*).

Ұжымдық шарттардың мазмұнын талдау ұжымдық шарттардың бөлімдері ең маңызды мәселелердің кең ауқымын қамтитынын көрсетеді: еңбекақы төлеу, қызметкерлерді жұмыспен қамту, еңбек жағдайлары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру, қызметкерлер үшін әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер, өтемақы төлемдері, кәсіподақ қызметіне кепілдіктер.

Кәсіподақтың атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кәсіподақ ұйымдарының 2022 жылғы ұжымдық-шарттық жұмысының қорытындысы туралы» Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары ұсынған мәліметтері негізінде дайындаған Кәсіподақтың Орталық комитетінің Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінің ақпараты назарға алынсын.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшылық органдары:

- кәсіподақ ұйымдары құрылған еңбек ұжымдарында ұжымдық шарттар жасау бойынша жұмысты жандандырсын;

- алқалы органдардың отырыстарында келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарттарды жасау жөніндегі жұмыстың жай-күйін, жұмыс берушілердің әлеуметтік әріптестік актілерінің шарттарын орындаудан бас тарту себептерін қарастырсын;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларына ұжымдық келіссөздер жүргізуде, ұжымдық шарттардың жобаларын дайындауда қажетті көмек көрсетсін;

- әлеуметтік әріптестіктің жергілікті деңгейінде ұжымдық-шарттық реттеуді ұйымдастырушылық, әдістемелік және құқықтық қамтамасыз етсін;

- ұжымдық шарттар жасау кезінде кәсіподақ қызметкерлері мен белсенділерін еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырсын;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы өзгерістерді ескере отырып, қолданыстағы келісімдер мен ұжымдық шарттарға өзгерістер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуін бақыласын;

- ұжымдық-шарттық жұмыстарды ақпараттық қамтамасыз етуді күшейтсін;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының республикалық үздік ұжымдық шарт байқау-сайысына қатысуын қамтамасыз етсін;

- ұжымдық-шарттық жұмыстың нәтижелері бойынша жыл сайынғы ақпараттың Кәсіподақтың Орталық комитетіне ұсынған ақпараттың нақтылығын, толықтығын және көрсетілген мерзімде жіберуін қамтамасыз етсін.

3. Кәсіподақтың Орталық комитетінің Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөліміне (Р.М. Кидирбаева) ұжымдық шарттарды жасау және жүзеге асыру бойынша озық тәжірибені анықтау және тарату мақсатында Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының жұмыс тәжірибесін зерделеуді жалғастыру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева